

Азияның бірқатар мемлекеттерінде бейбіт жолмен, зорлық-зомбылықсыз, отаршылармен ымыраға бармау, күрес жолында түпкі мақсатқа жету үшін нақты сеніммен алға ұмтылу керектігін түсіндірді. Саяси күрес барысында келіссөздер жүргізу арқылы шиеленістерді шешуді ұсынды. Тәуелсіздікке жетудегі күрестің бұл жолдары Алаш зиялыларының да азаттық күресінде қолданған принциптерінің негізі болды. Өкінішке орай, тәуелсіздік үшін саяси күрестің жолы әр мемлекетте де қиын әрі күрделі өтті. Алаш зиялылары армандарына өз заманында қол жеткізе алмады. Бірақ «... қиын заман болғанына қарамастан, Алаш азаматтары өз міндеттерін атқарып кетті. Қазақтың Еуропалық үлгідегі мемлекетінің негізін қалады. Бірнеше буын зиялылар қалыптастырды, шекараны шегендеді...» [7, 117]. Осы пікір айтушыны біз де толықтай қолдаймыз. XX ғасырдың басындағы Алаш зиялыларының аңсаған армандары тек алпауыт империя КСРО ыдырағаннан кейін ғана орындалды. Қазақстанның тәуелсіздігін Алаш зиялыларының ұрпақтары көріп, бүгінде әлем мойындаған тәуелсіз Қазақстанда өмір сүріп отыр.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ганди М. Тандамалы хаттар мен сөздер.- Алматы: Үнді мәдени орталығы, 2006.- 162 б.
2. Батурина Л.Л., Сердхан А. Азия және Африка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы: лекциялар курсы: Оқу құралы / Жауап.ред. А.К. Қапышев. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. – 349 бет
3. Керімбаев Е.Ә. Сун Ятсен және Қытайдағы ұлттық мәселе // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. – 2010. - №1(50).
4. Мұстафа Кемал Ататүрік // Аңыз адам. – 2012. - № 3 (39).
5. Смағұлова Г.М., Балаубаева Б.М. Мұстафа Кемал Ататүрік: саяси тұлға, реформатор / Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Алаш» ұлт-азаттық қозғалыстың 100 жылдығына арналған «Жуасов оқулары-21»: Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Қарағанды: «Гласир», 2017. – 360 бет.
6. Капица М.С., Малетин Н.П. Сукарно: Политическая биография. – М.: «Мысль», 1980. – 332 с.
7. Алаш жылнамасы. Құрастырушы Берік Уәли: Алматы, 2020. – 120 бет.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН: МҮДДЕЛЕР ҮНДЕСТІГІ

*Қасымов С. С., т. г. к.,
қауымдастырылған профессор
Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық университеті
Қарағанды қ., Қазақстан*

XX ғасырдың басында патшалық Ресей Орта Азия мен Қазақстанды ашкөздікпен отарлауын жедел қарқынмен одан әрі жалғастырды. Бір ғана столыпиндік реформаның нәтижесінде 1907-1912 жылдары қазақ өлкесіне 2 млн. 400 мыңнан аса еуропалықтар қоныстандырылды. Қазақтар ата қонысынан айырылды, өлкенің ең шұрайлы жерлері қоныстану учаскелеріне, келімсектердің саяжайларына, казак әскерлеріне тартып алынды. Сөйтіп, ғасырлар бойғы дәстүрлі мал шаруашылығының дамуына шек қойылды. Қазақ халқы бір жағынан, тіршілік етудің негізгі көзі - жерден айырылса, екінші жағынан, өлкені талап-тонау, қоныс аударушылардың жергілікті халыққа зорлық-зомбылығы, кемсітушілігі мен өктемдігінен қыспаққа түсті. Тұтас ұлтқа қауіп төнді, жалпыұлттық дағдарыс пісіп-жетілді.

Ұлтты қорғау үшін қазақтың зиялылары бас көтерді. Ұлт-азаттық күрестің басында тұрғандардың бірі «қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналғанын» айтып, ұлтының қасіретін дөп басып, жоғын жоқтаған, «қайтсем қазақтың көзін ашып, көкірегін оятамын, өркенді жұрттардың қатарына қосамын» деп мұңы мен қасіретін арқалаған, арманы мен мұратын жүрегіне түйіп, Күлтегінше айтқанда «күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей», сол жолда бар ғұмырын сарп еткен ұлт ұстазы, XX ғасырдағы иісі түркі жұртынан шыққан ұлы ағартушы, ғалым, қоғам қайраткері - Ахмет Байтұрсынұлы еді.

Ұлт зиялыларының әрекеті бабалардан қалған «найзаның ұшымен, білектің күшімен» күрес әдісі еместұғын, ұлт-азаттық қозғалыстың заңдық, құқықтық жолмен жаңа деңгейге көтерілген, демократиялық құндылықтар мен ұстанымдарға сай түрі болды. Ә.Бөкейханов, Ж.Ақбаев, А.Байтұрсынұлы мұрындық болған әйгілі «Қарқаралы петициясы» жаңаша күрестің алғашқы қарлығашы еді.

Ахмет Байтұрсынұлының ұстанымы қазақ халқының азаттығы мен еркіндігі, ұлттық идеяны насихаттау, халықтың саяси санасын ояту, ағартушылық болды. Өзі бас болған «Қазақ» газетінің беттерінде жариялаған ой-толғамдары халыққа тастаған үндеу іспеттес. «Қазақтың шаруасына бір жақтан надандығынан кемшілік келгенде, екінші жағынан білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, елдіктен, теңдіктен қалдырып, тиісті сыбағасына қиянат етіп тұрғаны санасы бар қазаққа ескерерлік іс еді», - дейді ол 1913 жылы жазған «Оқу жайы» атты мақаласында [1, 288-289 бб.]. «Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екенімізді білдірер едік» деп, бостандық пен теңдікке жетудің жолы тек білімде, оқу мен өнерде екеніне жұрттың санасына жеткізуге тырысады.

Жалпы «Қазақ» газетінің ұлттық баспасөздің дамуында ғана емес, сонымен қатар ұлттың зиялы қауымын қалыптастырудағы орны зор. Өз заманының жаршысы, теңдікке, еркіндік пен бостандыққа үндеген оқу мен білімнің сәулелі шамшырағы, ұйқыдағы қазақ даласына жан бітіріп, азаттықтың қоңырауы бола білген басылымға қарап сол кезеңде оқу-білім іздеген жүздеген қазақтың талапты жастары ой түзеді, бой түзеді десек артық айтқандық емес. Солардың бірі – Сәкен Сейфуллин. «...«Қазақ» газеті өзге газеттерден бұрынырақ шыққан өркенді газет болды. Қазақ халқы жақсы жерден, судан айырылып, патшадан қорлық көріп, тұрмысы өзгеріпкіреп: «Жерім-ай! Суым-ай!.. Қорлық-ай!» деген заманда шықты. Және сол тұрмыс өзгерістерінің әсерінен қазақтың оқуға ұмтылған жастары көбейіп, талпына бастаған қарсаңында шықты» - дейді ол бұл туралы [2, 90 б.].

Қазақ зиялыларының жалпыдемократиялық мазмұндағы талап-тілектерді өз мақалалары мен жарияланымдарының, шығармаларының арқауына айналдыруы қоғамда отарлық езгіге қарсы саяси ахуалды қалыптастыруға ықпал етті. С.Сейфуллин де өз шығармаларында қазақ ауылының сол тұстағы шынайы бейнесін айна-қатесіз суреттейді, «Қазақ сабағы», «Інішегіме», «Надан бай», «Оқымаған қазақ» т.б. өлеңдерінде қазақтың ескі жайбарақат тіршілігіне өнер мен ғылымды қарсы қояды. Осыдан-ақ, Сәкен Сейфуллин мен ұлт зиялыларының мақсаттарының бір қайнардан, бір бастаудан - ағартушылық, бостандық идеяларынан тарағаны көрінеді. Мақсат-мұраттарының бірлігі әсіресе Ахмет Байтұрсынұлымен Сәкен Сейфуллинді жақындата түсті.

Алғашқыда Нұра бойындағы Жіңішке ауылында, одан соң Ақпан революциясы кезінде Ақмолаға ауысып, мұғалімдікпен айналысқан С.Сейфуллиннің ағартушылық қызметінің жаңа кезеңі оның 1920 жылдың қазан айында Кеңестердің Бүкілқазақтық I съезінен кейін біржола Орынборда мемлекеттік қызметке қалдырылғанынан кейін жалғасты. Бұл кезде С.Сейфуллиннің ағартушылық тәжірибесі мен қаламгерлік қабілетінен жұртшылық құлағдар болатын, сондықтан мұндай мүмкіндікті қоғам мүддесіне пайдалануды қажет деп білді.

1919 жылы 4 сәуірде РКФСР БОАК Алаш қайраткерлеріне кешірім жасағаннан кейін Ахмет Байтұрсынұлы бастаған зиялылардың бір тобы өз еркімен Кеңес өкіметі жағына

өтті, ендігі жерде қазақ халқының мүддесін кеңестік билік аясында жүзеге асыруды ойлады.

Оқу-ағарту мәселелерімен бірге қазақ мектептерінің негізінің қалануында Қазақ АКСР-інің алғашқы Ағарту халық комиссары Ахмет Байтұрсынұлы үлкен еңбек сіңірді. Одан кейін Аспандияр Кенжин басқарған комиссариат құрамында алғашқы жылдары С.Сейфуллиннен басқа Жүсіпбек Аймауытов, Кәрім Тоқтабаев сынды қазақ оқығандары еңбек етті. Сол кезеңде Ағарту халық комиссариаты мен республика басшылығы алдында жаппай сауатсыздықты жою, мұғалім кадрларын дайындау, оқу бағдарламасын, оқу құралдарын жасау кезек күттірмес шаруа болды. Қазақ зиялылары бірінші кезекте мектеп оқулықтарын құрастыруға және аударма жұмыстарына жұмыла кірісті. Мақсат пен мұраттың бірлігі оларды ажыратқан жоқ, қайта ұлт мүддесі жолында қоян-қолтық жұмыла түсті.

1921 жылдың басында Қазақ АКСР Ағарту халық комиссары Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен Ағарту халық комиссариаты және Қазақ АКСР Мемлекеттік баспасы жанындағы редакциялық комиссия мүшелерінің біріккен мәжілісі өтті [3, 11-12 бб.]. Е.Омаров, Х.Болғанбаев, С.Садуақасов, Ф.Ғалымжанов, Б.Сәрсенов, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, А.Бөкейханов, С.Айтхожин қатысқан мәжілісте бірыңғай еңбек мектебінің I, II сатыларына арналған қазақ тілінде оқулықтар құрастыру және аударма мәселесі қаралды. Қаулы бойынша қазақ зиялыларының бір тобы орыс тіліндегі оқулықтарды қазақ тіліне аударуға бекітілсе, С.Сейфуллин мен Ж.Аймауытовқа қазақ тілінде оқу хрестоматиясын, А.Байтұрсынұлына қазақ тілінің синтаксисін, М.Жұмабаевқа сөз теориясын құрастыру тапсырылып, жұмысты I маусымға дейін аяқтау міндеттелді.

1921 жылдың қазаны 1922 жылдың маусымы аралығында Ағарту халқының орынбасары болған Ахмет Байтұрсынұлы комиссариатқа қарасты ғылыми-әдеби комиссияның төрағалығы қызметіне ауысқанда орнына 1922 жылғы 13 маусымда С.Сейфуллин тағайындалып, Ахаң бастаған итілікті істер жалғасын тапты [4, 82 б.].

1922-1924 жылдары С.Сейфуллин Қазақстан үкіметін басқарған уақытта республикадағы оқу-білім саласына ерекше көңіл бөлді, тіпті губерния басшыларына барлық қаражаттың 50%-ын оқу-ағарту саласына жұмсауға жарлық шығарды. Алайда жағдай бірден оңалып кете қоймады. Азамат соғысынан кейінгі қираған шаруашылықты қалпына келтіру, жаңасын жасауға жұмсалып жатқан орасан зор шығындар ағарту саласына жаңа қаржы көздерін табуды қажет етті.

Қаншама талпынғанмен, қаншама күшін салғанмен халықтың барлығына қол жетімді мектептер санын қамтуға үкіметтің шамасының келмейтіндігін түсіндіріп, Ахмет Байтұрсынұлы баспасөз бетінде жұртшылыққа үндеу тастады. Оның анықтауынша, Қазақ үкіметі тек 2616 мұғалімнің ғана шығынын көтере алады. Республикада оқу саласын көтеріп, мектеп жасындағы балаларды тегіс қамту үшін 20 мыңнан аса ағарту қызметкерлері керек деп, халықты істі жұмыла көтеруге шақырып, ұйымдастыру жолын ұсынды және ел арасындағы оқығандар мен мұғалімдерге бұған міндетті екендіктерін нығарлап айтып салмақ тастайды. «...Школды мынау реттермен ашу керек: бір ауылнай, не бір болыс, ел күш біріктіріп, байға байша, кедейге кедейше үй басына салық салып, сол жиналған салық оқытушылардың һәм басқа қызметкерлердің ақысына, школдың керек-жарағына міндетті болып, жергілікті оқу бөлімдерімен шарт жасап, школ ашу керек. Бұл қалыпта ашылған школдардың оқыту, тәрбие беру тәртіптерін сырттан оқу бөлімдері бақылауға тиіс», - дейді ол 1923 жылы жариялаған «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек» атты мақаласында [1, 233 б.]. Сондай-ақ, алыс ауылдардың балаларына мектеп жанынан жатып оқитын интернат ашып, кедейдің балаларына елден азық-түлік жинап қамтамасыз ету керектігін көпшіліктің ортасына салады. Еңбек зая кеткен жоқ, шалғай ауылдарда жергілікті халықтың күшімен мектептер ашылды.

Деректерден анықталғаны, экономикалық қиыншылықтарға қарамастан үкіметтің баспа ісін қаржылық қолдауының арқасында 1923-24 жылғы жоспар 80% орындалған. Осы жылы қазақ мектептеріне арналған Н.Құлжанованың «Мектепке дейінгі тәрбие»,

А.Байтұрсынұлының «Ересектерге арналған әліппе», «Грамматика», «Этимология», «Синтаксис», «Фонетика», М.Дулатовтың «Оқу кітабы», «Есептер - I бөлім», «Есептер - II бөлім», Ж.Аймауытовтың «Педагогикалық басшылық», Е.Омаровтың «Физика», Ж.Тлеулиннің «Мектеп гигиенасы», Мұқанованың «4 жылдық мектеп программасы», «Қазақша кеспе әріптер» атты еңбектері басылып шықты [5, 73 б.]. Осы жылы жалпы саны 142 000 тиражбен 24 түрлі оқулық басылып шыққан. Ерекше атап өтетіні, Алаш зиялылары құрастырған бұл оқулықтар ұлттық нақышты, қазақтық болмысты айшықтауға құрылғандығымен аса құнды еді. Өкінішке орай, ұлт зиялыларын саяси қуғындау басталғанда олардың еңбектерінің барлығы зиянды деп табылып, қолданыстан аластатылды. Орнына келген кеңес мектептеріне тән таптық идеологиялық сарынмен жазылған оқулықтар жылдар бойы жас ұрпақты ұлттық рухани тамырынан ажыратты.

1924 жылы 12-18 маусымда Орынборда қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі өтті [6, 3-5 бб.]. Съездің күн тәртібіндегі жазу ережелері, әліпби, қазақша пән сөздер, ауыз әдебиетін жинау, оқулықтар жазу, бастауыш мектептің бағдарламасы сияқты мәселелердің қай-қайсысын алсаңыз да сол кезең үшін көкейкесті еді. Осылардың ішінде А.Байтұрсынұлының араб графикасына негіздеп өзі түрлеген қазақ әліпбиінің тиімділігін ұсынуы үлкен пікірталас туғызды. Өйткені қазақ зиялыларының арасында латын әліпбиінің маңыздылығын жоғары қойғандар да болды. Кейін С.Сейфуллин 1924 жылғы 5 қыркүйектегі Халком Кеңесі мәжілісінде А.Байтұрсынұлының түрлендіруіндегі қазақ әліпбиін бекітті [7, 84 б.]. Ұлт зиялыларының мұрындық болуымен ұйымдастырылған тұңғыш алқалы жиын келешек оқу-ағарту жүйесін дамытудың бағыттарын белгілеп берді. Қазақ әліпбиінің бір жүйеге келтірілуі қазақ тілінде оқытуға көшуді тездетті. Тұңғыш рет қазақ терминологиясын дамытудың қағидаларының белгіленуі тіл ғылымын зерттеу ісіне қадам жасады. Ахмет Байтұрсынұлы жасаған араб әліпбиі өзін ақтады, 20 – жылдардың соңында латын әліпбиіне көшкенше Қазақстандағы сауатсыздықтың жойылуы, қазақ мектептерін ашу, қазақша оқулықтар жазу сынды міндеттерді толық атқарды.

А.Байтұрсынұлы мен С.Сейфуллиннің ұлт мәселесіндегі ұстанымдары да алшақ кетпейді, үйлесімді ұштасады. Зиялылардың ойларын салыстыру арқылы шындыққа көз жеткізе аламыз. А.Байтұрсынұлы 1920 жылы большевиктер көсемі В.И. Ленинге жазған хатында өзі мүшесі болған Қазақ ревкомының құрылғанынан бері қазақ халқы үшін ештеңе тындырмағанын айта келе «...еңбекші қазақ халқына олардың өмірін кеңестер негізінде құруына туысқандық көмек көрсетуді ұсынбай, қайта оларға әр түрлі қулықпен өз үстемдігін таңып отыр» деп отаршылдықтың әлі жалғасып отырғандығын ашық көрсетеді [8, 46-48 бб.]. Жергілікті жерлердегі коммунистердің бұрын отар болып келген қазақ сияқты халықты түрлі айла-амалдар арқылы билеп-төстегісі келетінін, шовинистік көзқарастарының сақталып отырғандығын батыл айтады. Сан ғасыр патша өкіметінің езгісіне төзіп келген халықты басынып, оның сенімімен ойнауға, мүддесін аяққа таптауға болмайтынын, ерте ме, кеш пе, төзімі таусылған күні буырқанған ыза мен күш-қайрат бұлқынып сыртқа шығатынын ескертеді. Ұлт жанашыры ең бастысы қазақтың еңбекші халқының сеніміне ие болу дейді де, мәселенің мәнісін былайша түсіндіреді: «қазақтарда зиялылардың толық сенетін және қателесуі мен адасуы мүмкін болса да, өз халқын жеке басының игіліктері мен пайдасын көздеп, ешқашанда саналы түрде сатып кетпейтін белгілі бір бөлігі бар. Қазақтардың сеніміне ие болғысы келетін орыс пролетариаты үшін ең қысқа жол осы зиялылар арқылы өтеді» деп, қазақ зиялыларына Кеңес өкіметі тарапынан сенімнің қажеттілігін ұғындырады.

Мәселеге байланысты С.Сейфуллиннің ойлары мен ұстанымын тереңірек ұғыну үшін оның «12 партия жиылысы ұлт мәселесін дұрыс шешуге жаңа жоба көрсетті» деген мақаласына зер салайық. Мақаланы ол 1923 жылы 17-25 сәуірде Мәскеуде өткен РК(б)П XII съезіне қатысқаннан кейін жариялаған болатын. «Қағаз бетінде теңдік алғанымен, іс жүзінде кейбір реттерде теңдік ала алмайтындарын әр ұлттың өзінен шыққан коммунистері артығырақ біледі. Әр халықтың түрлі мінезін, түрлі заңын, түрлі салтын, түрлі мақсатын, сол халықтың өзінен шыққан коммунистер артық біледі. Совет

құрамасының біздің Қазақстан тәрізді шеткі республикаларында осы тақырыпты бұрынғы зор болып қалған ұлттан – орыстан шыққан коммунистер мен бұрынғы кем болып қалған кірме, уақ ұлттардан шыққан коммунистердің араларында ұғыныспағандық болып келді. Ол ұғыныспағандық кейбір уақыттарда алалыққа да айналып кетіп жүрді. Бірақ, әлгі жұртқа белгілі «ұлтшылдық», «өзімшілдік», «отаршылдық» дегендерді қоздырыңқырап жіберу шарттарының бірі сол ұғыныспағандықтан шыққан алақөздік еді» - дейді [9, 200 б.]. Мақала мазмұнынан С.Сейфуллиннің Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде орын алып отырған қарама-қайшы жайлардың түйінін шешуге, ұғындыруға талпыныс жасағаны айқын аңғарылады. Біріншіден, ол қазақ халқы үшін ең қауіптісі отаршылдық пен өзімшілдік екендігін, орыс коммунистерінің арасында осындай пиғылдың әлі де сақталып отырғандығын атап көрсетеді; екіншіден, оның ойынша қазақ халқын өркендетудің жолын қазақтың тұрмыс-тіршілігі, шаруашылық ерекшеліктерін, дәстүрін білетін қазақтардан басқа ешкім таппақ емес. Ең алдымен, жергілікті ұлт өкілдерінің пікірімен санасу керек, оларды мемлекеттік басшылық қызметке көбірек тарту керек. Қазақ коммунистерінің өзіндік пікір, ойларына «ұлтшылдық» емес, ұлттық мемлекетті дамытудың бағыттары мен жолдары деп қарау керек. Ең бастысы – жергілікті ұлт өкілдеріне деген сенім екендігін батыл айтты. Сөйтіп, өзара түсіністіктің, түсінуге тырысушылықтың болмауынан солақай басшылар мен қоздырушылар ойлап тапқан «ұлтшылдық» деген аңызды жокқа шығарды.

Ахмет Байтұрсынұлы мен Сәкен Сейфуллиннің мақсаттары ұлтқа қызмет ету болды. Осы мақсатты көкірегіне түйген олар Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де жаңа үкіметтің жүргізіп отырған саясатының барлығын қолдай берген жоқ. Бұрынғы патшаның отаршылдық саясатының ендігі уақытта пролетарлық отаршылдықпен алмастырылып отырғандығын жасырмай айтты.

1923 жылы 28 қаңтарда Орынбор қаласында Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойына арналған жиын өтіп, оны Қазақ үкіметінің төрағасы С.Сейфуллиннің өзі басқарды. Мұрағат құжаттарына сүйенсек, Алаш қайраткеріне қатысты мерекелік шараны ресми түрде өткізуге облыстық партия комитеті тыйым салған. Бірақ жеке адамдар тарапынан ондай жиын өткізуге қарсылық жоқ деп арнайы қаулы қабылдапты. Аталған құжаттың мазмұнын келтірейік:

Протокол № 51 от 23 января 1923 г.

Заседание Президиума Киргизского Областного Комитета РК (б)П

Слушали:

Постановление Коллегии Наркомпроса об организации празднования 50-летия Байтұрсынова.

Постановили:

а) Считать недопустимым организацию советскими органами празднования данного юбилея;

б) Против проведения праздника частными лицами не возрожать;

в) Возложить персональную ответственность за содержание речей выступающих на празднестве товарищей от имени советских органов на товарища Сейфуллина [10, 3 б.].

Дегенмен С.Сейфуллин сөйлеушілердің сөзіне жауапкершілік жүгімен шектеліп қалмады, салтанатты жиынды ұйымдастырып, ұлы ағартушының қызметі жайында баяндама жасады. 1923 жылы 2 ақпанда «Еңбекші қазақ» газетінде «Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды» деген мақаласын жариялады. «Өзге мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Ахмет байын, кедейін айырмай қазақты ғана сүйетін адал жүрек таза ұлтшыл» - деген салмақты ойларымен ұлы тұлғаның тарихта алатын орнын халыққа танытты [11, 180 б.]. Ашығын айту керек, таптық идеология үстем болған уақытта үкімет басшысының баяндама жасап, оны баспасөзде жариялауы кеңестік жүйенің талабына қайшы болатын.

Осыған байланысты Қазақ АКСР Ішкі Істер халкомы Ә.Әйтиев «Степная правда» газетінде жариялаған «Фактические поправки» атты мақаласында С.Сейфуллинді ұлтшыл

деп сынға алды. Осы тектес «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер» атты мақаланы «Еңбекші қазақ» газетіне С.Мұқанов жариялады [12]. Ә.Әйтиев С.Сейфуллиннің «қазаққа қызмет қыламын деп Ахмет коммунист партиясына кірді» дегеніне қарсылық білдіріп, «Ахметтің партияға кіруі олай емес еді. Коммунистердің жолына, екпініне шыдай алмай партиядан өзі шыққан жоқ, оны шығарып тастаған» деп, түзету енгізді. Бұған С.Сейфуллин «Тағы да Ахмет туралы» деген мақаласында «Ахметтің коммунист партиясына ере алмай шығып қалуына үлкен себеп – өзінің шын нәзік жанды ұлтшылдығы» деп, батыл тойтарыс берді [13, 67-68 бб.]. Осылайша С.Сейфуллин коммунистік идеологияның үстем уақытында өзінің мүддесінен ар-намысты, азаматтықты жоғары қойды, «өзінің жазған оқу құралымен қазақ халқына қылған еңбегі таудай» деп, ұлт ұстазына үлкен құрмет көрсетті, оның қазақ халқы алдындағы еңбегіне әділ баға берді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – 4-т. – Алматы: «Алаш», 2006. – 320 б.
2. Сейфуллин С. Шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2004. 1. Т. Тар жол, тайғақ кешу. Роман-эссе, 2004. – 456 б.
3. ҚР ОММ 81-қ. 1-т. 258-іс. 11-12-пп.
4. ҚР ПМ 139-қ. 1-т. 266-іс. 82-п.
5. ҚР ОММ 81-қ. 1-т. 567-іс. 73-п.
6. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. – Оренбург: Караван-Сарай, 1925. – 203 б.
7. ҚР ОММ 30-қ. 1-т. 301-іс. – 84 п.
8. ҚР ПМ 811-қ. 20-т. 568-іс. 46-48 пп.
9. Сейфуллин С. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 302 б.
10. ҚР ПМ 139-қ. 1-т. 544-іс. 3-п.
11. Сейфуллин С. Ахмет Байтұрсынов елуге толды // Бес арыс: естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. Құраст. Д.Әшімханов. – Алматы: Жалын, 1992. – 544 б.
12. Мұқанов С. Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер // Еңбекші қазақ. – 1923. – 1 наурыз.
13. Сахара сұңқары (Мемлекет және қоғам қайраткері, жаңа заманғы әдебиет көшбасшысы С.Сейфуллинге арналады). – Алматы, 2004. – 406 б.

ДЕПОРТАЦИЯ КАК ЭЛЕМЕНТ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕСИЙ В СССР В 20-Е – 40-Е ГОДЫ XX века

*Мақалаков Т. Ж., докторант 2 курса
Шотбакова Л. К., к.и.н., профессор
Карагандинский университет
им. академика Е.А. Букетова
г. Караганда, Казахстан*

Первая половина двадцатых годов XX века одна из самых сложных и неоднозначных страниц отечественной истории – депортация народов в Казахстан. Укрепив свои позиции после переворота 1917 г., советская власть стала активно практиковать насильственное выселение неугодных народов с обжитых земель. На место депортированных граждан приходили другие поселенцы. Репрессиям подвергались как отдельные личности, так и целые народы. В основном депортированные народы преследовались по политическим мотивам, за антисоветские настроения.

Депортация (от лат. deportation) – в законодательстве некоторых государств изгнание, ссылка. В период массовых репрессий (от позднелат. repressio – подавление, наказание [1, с.1131]) 1920-40-х гг. депортации подвергались многие народы СССР.